

Анипина А.К., Шәріпқазы Н.

Каллиграфия техникасы

Бұл мақалада қытай тілінің шығу тарихы, қытай тілі жазуының стильдері, қытай каллиграфиясы қарастырылады. Қытай тілінің жазуының бірнеше стилі бар. Әр стильдің өзіндік ерекшелігі бар. Стильдердің осындай алуан түрлілігі – Қытайдың әртүрлі аудандарында, жұмыс, қызмет түріне байланысты жазу қызметінің өзгеруіне алып келді. Сондай-ақ стильдердің алуан түрлілігі жазу құралы материалдарының өзгеруіне байланысты болды. Қытай тілін оқитын әрбір адам сол тілдің шығу тарихын оқыса, қытай тілін толықтай меңгереді.

Түйін сөздер: стиль, каллиграфия, цзягувэнь, гувэнь, дачжуань, сяочжуань, синшу, цаошу, лишу, кайшу.

Anipina A.K., Sharipkazy N.

Technique of calligraphy

This article explores history of the Chinese language, styles of Chinese calligraphy. In Chinese, there are several styles, all of have some features. Different styles – changed written work in different regions of China. They are associated with the changes in writing means. Every student who studies Chinese must first know the history of the emergence of the Chinese language.

Key words: style, calligraphy, jiaguwen, guwen, dazhuan, xiaozhuan, xinshu, caoshu, lishu, kaishu.

Анипина А.К., Шәріпқазы Н.

Техника каллиграфии

В данной статье рассматриваются история возникновения китайского языка, стили китайского языка, каллиграфия. В китайском языке имеются несколько стилей, у всех свои особенности, повлиявшие на письменность в разных регионах Китая. Они связаны с изменениями письменных средств. Каждый ученик, который изучает китайский язык, обязательно должен знать историю возникновения китайского языка.

Ключевые слова: стиль, каллиграфия, цзягувэнь, гувэнь, дачжуань, сяочжуань, синшу, цаошу, лишу, кайшу.

КАЛЛИГРАФИЯ ТЕХНИКАСЫ

Дәстүрлі қытай жазуының аса маңызды эстетикалық өлшемі – оның каллиграфиясымен байланыстылығы. Нағыз шебер туындыға өз жанының, өз шеберлігінің барлық күшін салатындықтан, ежелгі дәуірлердің өзінде-ақ адамдар каллиграфияны «Көркем өнер арасындағы төре» деп атаған. Каллиграфияны көріп білу, оны тану интеллектуалдық және рухани мәдениеттілікті қажет етеді. Оның шынайы мәнісін көре білу және сезіну маңызды болып табылады. Каллиграфия өнеріндегі творчестволық сипатта автордың да, көрерменнің де жан көрінісі бір орында жиналып тұрады.

Каллиграфия көбіне бейнелеу өнерінің көркемдік мәнерлілігін анықтайды, ол әрбір көркем жазу немесе жәй ғана қолтаңба түрінде автордың дәрежесін анықтап отырады. Каллиграфияны көріп отырған адамға шебердің не жазғаны және оның мұны қандай мәнерде жасағаны көбіне көп кімдер үшін жазғаны, оны қалай қабылдайтындығын біліп сезіп тұрып жазғандай болып тұрады. Иероглифтер тұрмыста қолданылатын лексикада бір мәнге, ал каллиграфияда – неше түрлі философиялық астарлармен ұштасқан терең мәнге ие болып отырады.

Каллиграфия өзінің рухы жағынан кең символды және тілі жағынан қысқа да нұсқа болып келеді.

Қытай жазуының тарихы Қытай тарихының мифологиялық кезеңінде, алғашқы императорлар Фу Си мен Шэн Нунның заманында қажетті мәліметтерді жазу үшін тұтас және үзік сызықтар комбинацияларынан тұрған триграммалар пайдаланылған кезден бастау алады. Мәліметтер бойынша, қытайдың иероглифтік жазуын Цан Цзе, одан кейінірек Хуандидің сарай маңындағы тарихнамашысы жасап шығарған.

Хуан Ди император өзінің сарайдағы тарихшысы Цан Цзеге қытай жазуының бірінші жүйесін құруды тапсырады. Цан Цзе «тау мен теңіз кескінін, айдаһар мен жылан, құс, жануарлар іздерін» бақылай отырып жазу белгілерін құрады. Бұл иероглифтер заттардың шартты белгілері болғандықтан вэнь «кескін, орнамент» деп аталды. Кейін бірнеше суреттен тұратын күрделі белгілер де пайда бола бастады. Ол күрделі белгілер – 字 цзы деп аталды.

Сонымен, ерте кез қытайлар үшін жазу – заттардың, көлеңкенің немесе іздің көрінісі емес, өзгерген образ болып табылады.

Бұл жағдайда қытай ғалымдары жазуды білім мен қиялды қажет ететін ақылмен ойлау жұмысының нәтижесі, творчестволық күш деп біледі.

Нәтижесінде қытай жазуы өзінің прототиптерінен өзгеше шынайы болып шықты. Жазу табиғат пен мәдениет, адамның сипаты мен адам творчасының келісілген ұлы факторы болып табылады.

Қытай жазуы тарихының ежелгі кезеңі туралы ең ерте мәліметтер көзі болып Аньяндағы Шан династиясының (б.д.д. XVI – XI ғғ.) соңғы астанасына қазба жұмыстарын жасау барысында табылған бал ашатын сүйектер дәлел болады. Каллиграфияның ең ежелгі үлгісі болып бал ашатын сүйектерге және тасбақалардың сауыттарында жазып сызылған – **цзягувэнь** (jiǎgǔwén, 甲骨文) мен **гувэнь** (gǔwén, 骨文) жатқызылады.

Қылқалам дегеніміз не және оның ерекшелігі неде?

Қылқаламның пайда болуы Қытай тарихының өте ертедегі дәуірінен бастау алады. Ол қытай суретшілері мен каллиграфтарының алмастырылмайтын құралы болып табылады. Қылқаламның көмегімен солдан оңға қарай және оңнан солға қарай баса отырып жазуға болады. Сызықтар толықтай салмақты, жеңіл, сәл-пәл білінетіндей болуы да мүмкін – бір сөзбен айтқанда, жазу түрінің көп түрі бар. Қытай каллиграфиясы туындыларының бірегейлігі қылқаламның осы ерекше қасиеттерімен түсіндіріледі.

Иероглифтік жазуды мемлекеттік стандарттауды Қытай тарихында бірінші – Сюань Ван патшаның (б.д.д. 827-782жж.) Чжоу атты сарай маңындағы тарихнамашы жүргізген жазу реформасы болды. Чжоу **Дачжуань** (dàzhuàn, 大篆) (үлкен жазу, ұлы таңба) атты стандартты жазу стилін ойлап тапты. Дачжуань стиліндегі ежелгі мәтіндер, жазулар б.д.д. II ғ. ортасы мен I ғ. ортасында кеңінен таралған, қоладан жасалған салттық ыдыстарға түсірілген жазулар. Бұл жазулар бал ашу жазуларынан кейін пайда болған иероглифтік жазу, бірізділік болмағандықтан жазуға өте ыңғайсыз болған. Осы жазу белгілері Чжоудың «Ши Чжоу пян» деген 15 тараудан тұратын шығармалар жиынтығында көрсетілген.

Цинь әулеті кезінде қытай жазуын реформалау басталады. Оны жаңа әулет министрі – Ли Сы жүргізді. Оның негізгі мақсаты – қытай жазуының белгілерін қарапайым ету. Осылайша б.д.д. III ғасырдың соңында, Цинь Шихуанди императордың тұсында мемлекеттік құжаттар жазу үшін **сяочжуань** (xiǎozhuàn, 小篆) (шағын жазулармен жазу) ресми стилі пайда болды.

Хань кезеңінде жазу біртіндеп **сяочжуаньнан** (xiǎozhuàn, 小篆) **лишуға** (lishū, 隶书) – ресми стильге қарай дами бастайды.

Лишу (lishū, 隶书) (ресми стиль) – Цинь династиясы кезінде «сяочжуань» негізінде құрылған. Жаңа шрифтің пайда болуы, «сяочжуань» жеңілдетілген шрифт болып табылса да, өте көп құжат жазатын мемлекет шенеуніктері үшін өте қиын болған. Түрме жетекшісі Чэн Мяо қисық сызықтарды туралап «сяочжуань» шрифін қысқартады. Шрифт «ли» деп аталады, қытайша «хатшы» деген мағына береді. Басқаша нұсқасы, Чэн Мяо бір ісі үшін түрмеге қамалады, еріксіз болып қалады, яғни «ли». Сондықтан шрифт та «лишу» – «еріксіздің шрифті» деп аталады.

Хань дәуірінен кейінгі уақытта қытай каллиграфиясының тағы да үш аса маңызды стиль пайда болды. Олар: **кайшу** (kǎishū, 楷书) – тұрақты жазу, **синшу** (xíngshū, 行书) – жұмыс бабындағы, күнделікті, іскерлік жазу және **цаошу** (cǎoshū, 草书) – шөптік стиль деп аталатын жылдам жазу.

Кайшу (kǎishū, 楷书) (тұрақты жазу). Бұл стильдің ең ежелгі үлгісі Вэй династиясына жатады (220-265), бірақ кең қолданысы Цзинь династиясы (265-420) кезінде болды. Қазіргі кездегі шрифт ешқандай көлбеусіз төртбұрыш формасын иеленеді. Иероглиф 8 сызықтан тұрады: нүкте, көлденең сызық, тік сызық, ілгек, жоғары көтерілген, жоғарыдан түскен, солға қисық және оңға қисық.

Цаошу (cǎoshū, 草书) (жылдам жазу). «Лишу» негізінде пайда болған, жылдам бірақ не-құрайды жазу. Бұл шрифт тағы екі типке бөлінеді: «чжанцао» және «цзиньцао».

«**Чжанцао**» (zhāngcǎo, 章草) шрифті Цинь династиясы кезінде пайда болған және б.э.д. 3-2 ғғ. дейін тараған. Иероглифтер тез жазылса да бір бірінен бөлек жазылады, ал нүктелері басқа сызықтармен бірігіп кетпейді.

«**Цзиньцао**» (jīncǎo, 今草) немесе жаңа жылдам жазуын Шығыс Хань династиясы кезінде Чжан Чжи (?-192 г.) ойлап тапқан, бірақ Цзинь және Тан династиялары кезінде кең қолданысқа ие болған. Бұл шрифт қазіргі кезде де өте танымал. Жылдам жазудың негізгі ерекшелігі – иероглифтер бір-бірімен бірігіп кетеді. «Цзиньцао» шрифтімен жазғанда иероглиф сызықтары бірігіп кетеді: бір иероглифтің соңғы сызығы келесі иероглифтің бірінші сызығына көшіп кетеді. Бір мәтінде иероглифтер каллиграфтың қалауына байланысты тек көлемі жағынан ерекшеленеді.

«**Цаошудың**» (cǎoshū, 草书) ұлы шебері Чжан Сюй, ол 8 ғасырда Тан династиясы ке-

зінде өмір сүрген. Ол қылқаламмен жұмыс жасағанда өзінің немқұрайдылығы арқасында танымал болған. Ол жазуға ешқашан сау кезінде отырмаған делінеді. Ол қайталанбас стиль тудырған. Қылқалам қағаз бетінде айналғанда, ары бері қозғалғанда тұтас мәтінді бір иероглиф жасап жібереді. Қазір Шэньси провинциалды музейінде оның қолымен жазылған тастардағы фрагменттерді көруге болады.

«Синшу» (xíngshū, 行书) (күнделікті жылдам жазу) – бұл тұрақты жазу мен жылдам жазу ортасындағы жазу. Егер бұл шрифтпен асықпай, әр сызықты ұқыпты жазса, жазу «кайшу» стиліне келеді. Ал егер жылдам жазса «синшу», тіпті «цаошуға» ұқсайды. Қытай каллиграфтары осы үш стильді жиі салыстырады, «кайшу», «синшу», «цаошу» стильдері тұрып тұрған, келе жатқан және жүгіріп бара жатқан адамдарға ұқсайды. Әрине, жазудың ең үздік үлгісі «синшу» жазуын Шығыс Цзинь династиясы кезінде Вань Сичжи (321-379) «Ланьтин павильонындағы жазу» деп мойындаған.

Стильдердің осындай алуан түрлілігі – Қытайдың әртүрлі аудандарында, жұмыс, қызмет түріне байланысты жазу қызметінің өзгеруіне алып келді. Ол кезде ғылыммен шұғылданатын бай және білімді адамдар ғана жоғарыда аталған стильдерде жазды. Сондай-ақ стильдердің алуан түрлілігі жазу құралы материалдарының өзгеруіне байланысты болды.

Қағаз, қылқалам, сия, сия сауыт – дәстүрлі Қытайдың материалдық мәдениетінің төрт заты «ғалымның төрт бағалы бұйымы» ретінде белгілі. Осы атаумен олар Қытайдағы кез келген білімді адам өмірінің тікелей жазу-сызуымен тығыз байланыстылығы бар екенін білдіреді. Екі мың жыл уақыт бұрын, ежелгі гректер мен римдіктер әлі де мысыр папирустарына жазып жүрген кезде, қытайлықтар қағаз жасап шығара бастады. Дәстүрлі түрде ең жақсы деп «сюань» қағазы, «хуэй» сиясы, «ху» қылқаламы және «дуань» сия сауыты» болып табылды.

Қылқаламды көбінесе тік қалыпта ұстайды. Қалам ұстап жазу барысында барлық саусақтардың қалпы соншалықты маңызды. Жазу кезіндегі қолдың қалпы мен саусақтардың ролі ұлы каллиграфтардың – Вэй Фужэнь мен Ван Сичжидің еңбектерінің басты тақырыбы болды. Әдетте қылқаламды тік қалыпта ұстаған жағдайда бес саусақтың қызметі бірдей, бірақ бұл ретте білектің қалпы, орны да ерекше маңыздылыққа ие бола бастайды.

Жалпы алғанда, каллиграфия өнерінде білектің төрт аса маңызды қалпы бөлініп көрсетіледі.

Білектің қалыпты қалпы – **пинвань** деп аталады. Ол қолдың ерекше қалпымен – оң қолдың астына сол қол төселетін **чжэньваньмен** байланысты. Қолдың осы позициясы шағын иероглифтерді жазған кезде және бөлшектерді жазған кезде ең тиімді болып келеді. Қолдың **тивань** қалпы (көтерілген білек) қолдың қозғалуына үлкен еркіндік пен кеңдік береді. **Сие** стилінде шиыршық қағаздағы үлкен иероглифтерді осылайша жазады. Ақыр соңында, **сюаньвань** қолдың салбыраған білегі қолдың ең күрделі қалпы болып табылады, бірақ жылдам жазған кезде қылқаламмен қимыл жасауына үлкен мүмкіндіктер береді.

Каллиграфияда қылқаламмен жасалатын үш аса маңызды қимыл бөліп көрсетіледі: дунь (бұру), ти (көтерілу) және на (басу). Иероглифтерде бұған дунь жазуының техникасы арқылы қол жеткізілетін квадраттылық пен ти тәсілімен жазылған дөңгелектілікке жету бағаланады. Каллиграфияда дунь техникасы кайшу стиліндегі квадрат иероглифтерінде, ал ти техникасындағы дөңгелек – синшу мен цаошу стильдерінде қолданылады.

Каллиграфиядағы стилистикалық өзгерістер негізінен алғанда иероглиф композициясындағы өзгерістермен байланысты болып келеді. Тан дәуірінің каллиграфы – Оуян Сбюнь, Сунь дәуірі шебері – Ми Фу, Юань дәуірінің каллиграфы – Чжао Мэнфу классикалық стилдерді жетілдіруге ұмтыла отырып, ең алдымен композицияға жаңалық енгізіп отырды.

Иероглиф құрылысы бөлшектерден (фэнцзянь, бубай) тұрады, иероглиф жазылатын шаршы не екі не төрт бөлікке бөлінсе де, олардың ішінде жазылған сызықтар өзара тепе-теңділігін сақтайды. Кейде иероглиф жазылатын квадрат тоғыз «алаңға» да бөлінеді. Бұл әдіс сызықтарды гүл шоғын жинағандай көзге құлпыртып әдемі көрсетеді. Вань Сичжи “Иероглифтің сегіз құрамдас сызықтары туралы” еңбегінде иероглиф құрылысының негізгі тәсілдерін сипаттайды. Каллиграфияның Тан дәуіріндегі теоретигі Оуян Сюнь иероглифті жазудың отыз алты ережесін анықтады.

Осы ережелердің кейбіреуіне тоқталайық.

Сақталуға тиісті бірінші принцип – **байшэ** (ажырату және біріктіру) деп аталады, иероглифтердің ұсақ бөлшектерінің бір-бірімен айқыш-ұйқыш жазылуы осы мәнердегі жазуда аса зор маңызға ие.

Екінші принцип – **бицзю** (кету және жақындау) деп аталады, мұнда анықтаушы элементтер бөліп алынады және екінші реттік

элементтер алынып тасталып екінші қатарға кетеді.

Үшінші принцип – **цюань ча** (түйреу және тігіп өту) деп аталады. Иероглифтің тік сызықтары «түйреуге», ал көлденең сызықтары – «тігіп өтуге» тиіс.

Иероглифті құрудың аса маңызды принциптерінің бірі – **сян бей** (бет жағы және екінші жағы) болып табылады. Бұл принцип мәтіннің толқындана қозғалуындай әсер береді.

Әдебиетте **пяньцэ** (көлбеу) термині де жиі кездеседі. Цзян И оны Пиза мұнарасының көлбеулігі әсер ететіндей эстетикалық әсер береді. Бұл принцип **пие** және **на** шалқаймалы сызықтарының мәнерлілігін бекітеді.

Сяньан принципі (өзара жол беру) иероглифтің оң немесе сол, жоғары немесе төменгі жақтары айырылып шығатын, иероглиф

құрамдас бөліктерінің өлшемдер өзгерулерінен көрініс табады.

Фуган (үстіне жабу) принципінің негізінде «**юнь**» – бұлттар, «**цзинь**» – алтын, «**сюэ**» – қар түріндегі иероглифтерді құрайды, бұларда жоғары элемент төменгі элементті басып тастамай, онымен қатаң пропорцияда тұрады.

«**Мань бу яо сюй**» (толтырған кезде бос жерлерді қалдырмау керек) деген идиомалық қалыптасқан сөз.

Қытай тілі жазуы иероглифтік жазба түрі болып табылатындықтан, каллиграфия өнері қытай тіліне тиесілі. Қазіргі қоғамда, қытай тіліне деген сұраныс көбейіп жатқандықтан, қытай тілін оқытындар үшін каллиграфия өнері қызығушылық арттырып келеді. Әрине, каллиграфияны кез келген адам меңгере алмайды, ол үшін каллиграфия өнерінің қыр-сырын жетік білу керек.

Әдебиеттер

- 1 Практический курс китайской каллиграфии. 214 ключевых иероглифов. Компьютерный учебник (CDpc). – М.: Издательство: Магна-Медиа, 2011.
- 2 Чжан Пэнпэн. Быстрое овладение китайскими иероглифами. – Пекин, 2007.
- 3 <http://azialand.ru/kitajskaya-kalligrafiya>

References

- 1 Practical Course of Chinese calligraphy. 214 key characters. Computer tutorial (CDpc). – Magna-Media, 2011.
- 2 Zhang Penpen. Fast mastering Chinese characters. – Beijing, 2007.
- 3 <http://azialand.ru/kitajskaya-kalligrafiya>